

Байтенова Н.Ж., Сақбаева А.Қ.

**Қазақстандағы экстремизм мен терроризм**

Мақалада Қазақстан Республикасындағы экстремизм мен терроризмге қарсы күресудің діни аспектілері зерттеледі. Зерттелетін құбылыстың пайда болып, дамып, таралуына негіз болатын факторларды зерттеу негізінде діни экстремистік әрекеттерді күштермен, құралдармен, әдістермен және ішкі істер органдарына тән қызметтермен алдын алудың жалпы шараларының дифференцияланған жүйесі ұсынылады. Сонымен қатар, мақалада еліміздегі «Хизбут Тахрир», «Таблиғи жамағат» сияқты радикалды ұйымдар, олар насихаттап жүрген ұйымдар Конституциямызға қарсы уағыздар сөз етіледі. Жоғарыда айтылған радикалды ұйымдар дәл осы қарқынмен тарала берсе, ол Қазақстан халқының ортақ мемлекеттік мәдениетке бірігуіне, демократиялық реформалардың халық санасында орнығуына әжептәуір кедергі болатындығы жайлы жан-жақты ой-пікірлер сараланып, мысалға келтіріледі. Ислам дінінде саяси-қоғамдық, рухани өмірдің барлық саласы қамтылған. Солардың бірі діни сенім және діни төзімділік мәселесі. Ислами идеяларды өркениеттік тұрғыда қабылдап, оларды еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму жолында қолдана білсек, біздің қоғамдағы біраз мәселелер шешімін табар еді.

**Түйін сөздер:** Қазақстан, исламистік топтар, дін, экстремизм, терроризм.

Baitenova N.Z. Sakbayeva A.K.

**Terrorism and extremism in Kazakhstan**

The article examines aspects of religious extremism and terrorism in the Republic of Kazakhstan, and how to deal with them. Kazakhstani and international legal and regulatory framework in the field of combating crime and religious extremist and terrorist analysis of the direction of legal, social, religious extremism and ethnopsychological phenomenon, as well as the description of meaning, opened up its main symptoms, processed with the help of examples. The study of the phenomenon develops based on the study of fundamental factors on the spread of religious extremist forces, means, methods, operations of inherent internal affairs bodies and the general system of differentiated preventive services measures. Also article is devoted to the analysis of the current state of threats of terrorism and religious extremism in Kazakhstan. Factors influencing the growth of these calls in the republic are singled out. Discussions are given on the strength and preventive approaches to counteracting religious extremism and terrorism, as well as the preference for the preventive nature of work in this direction. On the basis of the research, a number of conclusions and proposals have been put forward. Islam includes all branches of socio-political and spiritual life. One of them was the issue of religious faith and religious tolerance. Islamic civilization in the context of the idea, accepting them, would learn to use the path of socio-economic development of the country, then some issues would find a solution in our society.

**Key words:** Kazakhstan, Islamist groups, religion, extremism, terrorism.

Байтенова Н.Ж., Сақбаева А.Қ.

**Экстремизм и терроризм в Казахстане**

В статье рассматриваются аспекты религиозного экстремизма и терроризма в Республике Казахстан и то, как надо бороться с ними. Изучение феномена развивается, основываясь на фундаментальных факторах распространения религиозных экстремистских сил, средств, методов, операций, присущих органам внутренних дел и общей системе дифференцированных мер профилактических услуг. Так же статья посвящена анализу текущего состояния угроз терроризма и религиозного экстремизма в Казахстане. Выделены факторы, влияющие на рост данных вызовов в республике. Приведены рассуждения о силовом и профилактическом подходах к противодействию религиозному экстремизму и терроризму, а также о предпочтительности превентивного характера работы в данном направлении. На базе проведенного исследования выдвинут ряд выводов и предложений. Ислам включает в себя все отрасли социально-политической и духовной жизни. Одним из них был вопрос религиозной веры и религиозной терпимости. Исламская цивилизация в контексте идеи, принимая их, научилась бы использовать путь социально-экономического развития страны, тогда некоторые вопросы нашли бы решение в нашем обществе.

**Ключевые слова:** Казахстан, исламистские группировки, религия, экстремизм, терроризм.

## ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЭКСТРЕМИЗМ МЕН ТЕРРОРИЗМ

### Кіріспе

Еліміз егемендікке қол жеткізгелі жиырма бес жылдың жүзі болды. Осы жылдар аралығында мемлекетіміздің барлық салаларында терең, әрі түбегейлі өзгерістер орын алды. Қазақстан Республикасы тәуелсіз ел болып еңсесін тіктей бастады. Халықаралық деңгейде әлемнің алпауыт мемлекеттерімен бәсекелес бола алатын қабілеттілігін көрсетті. Әсіресе, тарих қойнауында жатқан рухани мұрамыз қайта жаңғырып, өзінің лайықты орнын тапты. Десек те, бүгінгі қоғамда алаңдатарлық келеңсіз мәселелер де жоқ емес. Солардың бірі – мемлекетіміздің діни ахуалы.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында бар ой-санамыз бірінші кезекте әлеуметтік-экономикалық, нарықтық мәселелерге бағытталып, рухани құндылықтарды жаңғыртуға деген ынтаталпынысымыз аз да болсын кешеуілдеді. Соның салдарынан қоғамда рухани бос кеңістік орын алғаны рас. Осы тұста жат елдерден келген әр түрлі діни экстремистік идеялы топтар өздерінің саясаттарын ұтымды пайдаланып, сол рухани бос кеңістікті өздерінше толтыруға тырысып бақты. Діни экстремизм – ел ішінде алауыздық тудыруды, жеккөрушілік пен дінді саясаттандыруды көздеп, сол арқылы қоғамға кері әсерін тигізетін құбылыс.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев өз сөзінде: «Экстремизм Қазақстанда кең ауқымда пайда бола қоймағанымен, конфессионалдық тұрақсыздықтың бізде де бой көтеруінің белгілі бір қаупі бар...», – деген болатын [1].

Ислам діні – ғылым мен білімге, толеранттылыққа шақырады. Ал Ислам атын жамылған экстремистік топтар – бұқара жұртшылықтың татулығы мен ауызбіршілігін бұзатын, ұлтаралық араздық пен алауыздықты туғызатын жаңсақ пікірлі саяси-топтар. Жалпы, дін, экстремизм, терроризм түсініктерінің мәнін қарастырып, қалыптасу жолдарын саралап өтейік.

*Экстремизм* тілдік мағынасында «шеттеу» (*фр.* *extremisme*, *лат.* *extremus*), яғни «орталықтан ауытқу», «белгіленген жерден шығып кету» дегенді білдіреді. Терминдік тұрғыда: «тәртіпті мойындамайтын», «өзінің пікірімен ғана іс-әрекет жасаушы» дегенге саяды. Экстремизм, көбіне, адамның надандыққа,

көрсекызарлыққа бейімделген пікірінен туындайды. «Тек менің ғана пікірім дұрыс болуы керек» деген секілді. Әйтсек те, бұл экстремизмнің бастапқы кезеңдерінің ғана көрінісі болып саналады [2].

*Терроризм әлемдегі ең қауіпті құбылыстар қатарына жатады, оны алдын ала болжау мүмкін емес деуге болады. Террор алуан түрлі формаларда көрініс тауып, қауіп-қатерлі аумақтарды ала бастады, ол көптеген адамдардың өліміне әкеледі, мемлекеттер арасында алауыздық туғызып, соғыстардың туындауына әсер етіп жатыр. Терроризм – бұл ұйымдасқан топтың немесе партияның жүйелі түрде зорлық-зомбылықты басымырақ қолдану арқылы өзі жария еткен мақсаттарға жетуге тырысатын әдісі.*

### Негізгі бөлім

*Қазіргі әлемнің, оның ішінде қазіргі Қазақстанның міндеті жалпы адамзаттық, гуманистік және толеранттылық құндылықтарды, конфессияаралық келісім, диалогты гасырлар бойы әлемдік және дәстүрлі діндердің негізгі принциптері мен қағидаларын қазіргі жалпы әлемдік, адамзаттық өркениеттегі бейбітшілікті сақтап қалу үшін, сан алуан этностары мен конфессиялардан тұратын көптеген мемлекеттердің бейбіт қатар өмір сүруі үшін белсенді пайдалануға саяды. Діндер адамзат тарихында ізгіліктің құралы болғаны анық. Бірақ саяси күштер дінді саясаттың құралы етіп алып, қатыгез саяси мақсаттарын жүзеге асырады. Технология мен ғылым дамыған кезде діни экстремизм, терроризм деген ұғым жиі қолданылуда.*

Бүгінде республика аумағында ислам дінінің дамып, барша мұсылман қауымының игілігіне айналуына барлық мүмкіншіліктер қарастырылған десек, артық айтпаймыз. Қазақстан қазіргі кезде көптеген мұсылман мемлекеттерімен саяси-экономикалық, мәдени қарым-қатынастар орнатып, әлемдік беделі бар ислам ұйымдарының белді мүшелерінің біріне айналды. Бірақ, жалпы жағдай осылай десек те, республика аумағында исламның дамуымен діндар мұсылмандардың санының өсуі, соның ішінде жастардың дінге бет бұруы біршама мәселелердің пайда болуына алып келді. Атап айтқанда, діндар жамағаттың біразы теріс діни жолға түсіп, зайырлы мемлекеттің заң талаптарын мойындағысы келмеді. Осы жағдайлар қоғам ортасында діннің әлеуметтік маңызы мен орнына қатысты көзқарастарды қайтадан салмақтауға алып келді.

Қазір республикадағы мұсылман жамағатының басым бөлігі діни ұстанымы мен көзқарастарында «ханафи» мазхабының ілімін басшылыққа алады. Құлшылық, ғибадаттарында ата-баба жолын ұстанатындықтан, оларды «дәстүрлі мұсылмандық сенімдегілер» деп атау әдетке айналған. Сондай-ақ, ханафи мазхабындағылар қатарына Орталық Азия елдері мен Қазақстанда бұрыннан кең тараған сопылық жолдағылар, түркиялық «сүлейменшілер» мен «нұршылар», «Таблиғи жамағат» діни миссионерлік ұйымының жақтастары енеді. Мазхабта айырмашылықтары болмағанымен, ол жамағаттар бір-бірінен белгілі бір тәртіп, талаптарға бағынуларымен, кейбір діни мәселелерде жеке көзқарастарымен ерекшеленеді.

Сонымен қатар, елімізде сүннилік тармаққа жататын шафи мазхабындағылар, шииттер, «салафизм» ілімін жақтаушылар және көптеген ислам елдерінде қолдау таппаған, ресми тіркеуден өтпеген «Ахмадия» жақтастары, «Құраншылар» өкілдері де кездеседі. Аталғандардың ішінде ханафи мазхабын мойындамайтындары немесе мазхабта жоқ ағымдар, ал олардың ішіндегі мазхаб ұстанса да мемлекеттік құрылысты өзгертуге шақыратын «Хизб-ут-тахрир» сияқты діни-саяси ұйымдар, «кері» немесе «теріс» ағымдар да бар. Сондай-ақ, исламдық ағымдар қатарында ілімі мен әрекеттері мұсылмандықтан тым алыс «Алла аят», «Ата Жолы» мистикалық құрылымдарының да аты аталып қалады. Бүгінде «Таблиғи жамағат», «Хизб-ут-тахрир», «Алла аят», «Ата Жолы» сияқты бірқатар діни ұйымдар мен құрылымдардың Қазақстан Республикасы аумағында қызмет жасауына тыйым салынған [3].

Сондай радикалды ағымдар қатарында «салафиттер», кейде «уахаббиттер» деп аталатын топтар өздерінің қазіргі қоғамдық-саяси жүйеге, оның заңдарына қарсы көзқарастарымен ерекше көзге түсті. Олардың қатарындағы діннен білімі жоқ немесе кейбір жастар теріс пиғылды «ұстаздарының» айтқандарына еріп, өздері өмір сүріп отырған қоғамдық құрылысты «бүгін және қазір» өзгерту керек деген жастық жалынмен «қасиетті амалдар» жолында жандарын қиюға дайын болды.

Ислам дініне қатысты бұл мәселе Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында басты орын алды. Онда Елбасы бүгінде біздің халқымыз үшін дәстүрлі емес діни және жалған діни ағымдар мәселесі өткір тұрғандығын ерекше атап өтіп, жастары-

мыздың бір бөлігінің олардың көзқарасын көзсіз қабылдап отырғандығы жастарға тән алып-ұшпа мінез бен олардың бойларында кері ағымдар идеологиясына қарсы тұратын иммунитеттің жоқтығынан деп атап көрсетті. Ол үшін біз шеттен келген әртүрлі жалған әсерлерге беріле бермей, сондарынан ере бермей, өзіміздің әдет-ғұрпымызға, салт-санамызға, мәдениетімізге негізделген ұлттық сана, соның ішінде діни сананы қалыптастыра білуіміз керек деді [4].

Дін адамзаттың рухани мәдениетінің маңызды бөлшегінің біріне айналды. Дін арқылы адамдар арасындағы рухани байланыстан, ұлтаралық келісім мен қоғамның беріктігі, адами құндылықты, салт-дәстүрді сақтаудың ең жақсы мүмкіндігін көре білуіміз қажет. Ұлттық мәселелердің дұрыс шешілуі Қазақстанның халықаралық қауымдастықта лайық орынға ие болуына, әлемдік өркениеттің горизонттарынан орын алуға мүмкіндік береді.

Қоғамның діни өмірінің демократизациялауы бір жақты оң нәтиже бере бермейді. Қазақстан көп ұлтты мемлекет. Бұл көптүрліліктің нәтижесі діни конфессиялар формасы. Бұлардың әр қайсысы өз наным-сенімдерінің қағидаларымен өмір сүреді. Әртүрлі діндердің бір кезеңде, бір этно-мәдени кеңістікте болуы теологиялық мәселе ғана емес, әлеуметтік мәселе тудыратындығы сөзсіз. Діндердің өзгертуге болмайтын өзіндік діни ілімдері мен дәстүрлері бар, кейбір жағдайларда бір-біріне қайшы келетін, тіпті жоққа шығаратын, дінаралық сұхбат мүмкін болмайтын жақтары да кездеседі. Сонда шешім қайда? Шешім қандай жағдайда болсын нақтылы болуы шарт. Дерексіз шешім болмайды. Шешім жасау үшін нақтылы тарихи, әлеуметтік, қоғамдық, саяси, мәдени жағдайды есепке алуымыз керек. Нақтылы жағдай – Қазақстан Республикасы, яғни, мәселе осы мемлекеттің мазмұнына, оның мүддесіне орай шешілуі керек.

Елбасымыздың үстіміздегі жылы елдегі жағдай мен ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттары жөнінде «Жаңа әлемдегі Жаңа Қазақстан» атты Қазақстан Халқына арнаған Жолдауында ішкі және сыртқы саясатымыздың аса маңызды бағыттарының бірі ретінде қоғамдық келісімді одан әрі нығайту, сайып келгенде, еліміздің серпінді дамуын қамтамасыз етумен өзіміз алдымызға қойған асқақ міндетті ойдағыдай орындаудың негізі болып табылатыны белгіленді.

Қоғамдағы экстремизм мен радикализмнің кез келген көріністеріне және біздің азаматтарымыздың конституциялық құқықтарына қысым

жасауды көздейтін әрекеттерге қарсы қатаң әрі дәйекті қарсы тұру қаралды. Қазақстан Республикасының басқару тәртіптері мемлекетіміздің Ата Заңы Конституцияда белгіленгендіктен ол талаптар қоғамның әрбір мүшесі тарапынан орындалуы тиіс.

Қазақстан Республикасы Конституциясына сәйкес – Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары болып табылған. Мақсаты немесе іс-әрекеті Республиканың конституциялық құрылысын күштеп өзгертуге, оның тұтастығын бұзуға, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік, топтық және рулық араздықты қоздыруға бағытталған қоғамдық бірлестіктер құруға және олардың қызметіне, сондай-ақ заңдарда көзделген әскерилендірілген құрамалар құруға тыйым салынады.

Қазақстан Республикасының «Қоғамдық бірлестіктер туралы» Заң жобасына сәйкес, экстремистік мақсаттарды көздейтін қоғамдық бірлестіктерді құруға және олардың қызметіне, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Заңнамасында көзделмеген әскерилендірілген құрылымдарды құруға тыйым салынса, «Экстремизмге қарсы күрес туралы» Заңымен Қазақстан Республикасының аумағында экстремистік бағыттағы ұйымдардың, бөлімдердің ашылуына және олардың қызметіне тыйым салынған [5].

Қазақстан Республикасының Конституциясында ар-ождан бостандығы мен діни бостандықтың принциптері, әр түрлі конфессияларға жататын азаматтардың өздерінің діни бірлестіктерін құруға тең құқылығы, мемлекеттің шіркеуден бөлінгендігі туралы принциптер бекітілген. Сондай-ақ діннің және діни бірлестіктердің әлеуметтік қызметтерін реттеудің халықаралық тәжірибелеріне негізделген өзге де бірқатар нормативтік-құқықтық негіздер дайындалып шығарылды. Қазақстандағы қандай да болмасын діни бірлестіктердің қызмет етуінің нормативтік құқықтық негізі белгілі дәрежеде әзірленгендігіне қарамастан, діннің мәртебесі, оның қоғам өміріндегі шынайы жағдайы мен ролі, яғни діннің қоғамның әлеуметтік-саяси, рухани салаларына тигізер әсерінің мәртебесі, кеңістігі және шекаралары қазірге дейін дәл анықталмаған. Осы еліміздегі белгісіздік, әсіресе оның теріс салдары еліміздегі қазіргі діни жағдайда орын алған жаңа тенденцияларға байланысты анық та, айқын аңғарылуда. Бұл, әрине, әсіресе дін

мен діни сананың күдік туғызатын діни-рухани нормалары мен догмаларына негізделген жаңа діни ағымдар мен бағыттардың елімізде еркін қызмет жасауының көрінісі. Мұндай әсірешіл нышандар діни фундаментализм мен діни экстремизм ретінде көрініс табуы әбден мүмкін.

Қазақстанның зайырлы мемлекет болуына байланысты, ресми идеология дінге мейлінше бейтарап қарайды: “ол діншіл де, дінге қарсы да сипатқа ие емес. Қазіргі Қазақстандағы діннің жағдайы авторитарлық, тоталитарлық және теократиялық басқару жүйесі бар мемлекеттерден түбірлі өзгешелікке ие. Конфессияаралық бейбітшілік пен келісім көпұлтты, көптілді және көпконфессиялы Қазақстан үшін мейлінше күрделі мәселе. Әлемдік және дәстүрлі діндердің басшыларының осындай кездесулерінің соңғысында еліміздегі конфессияаралық келісім мен диалогтың маңыздылығы ерекше атап өтілді. Әлемдік және дәстүрлі діндердің басшыларының осы бір кездесуінде конфессияаралық келісім мен диалогтың негізгі принциптері айқындалады. Олар: толеранттық, өзара құрмет көрсету мен түсінісу, ұлтаралық келісім мен діни төзімділік” [1]. Бұл туралы Елбасының Қазақстан халқына жолдауында: «Қазақстан діни наным бостандығын қамтамасыз етті, конфессияаралық диалог пен діни құқықтық саясатты жүйелі түрде жүргізіп келеді. Бізде әртүрлі конфессиялардың бейбіт қатар өмір сүруі қамтамасыз етілген» – деп айтылған [4].

Жалпы ислам әлеміндегі қазіргі жағдай көңіл толарлықтай емес, мәдениеттің және өркениеттің төмен болуы, діни сауатсыздық, надандық, әр түрлі бір-біріне қарсы дұшпан топтардың пайда болуы, ол топтарды кей жағдайда саяси мақсатта қолдануы адамды ренжітеді. Өкінішке орай, қазір Араб елдеріндегі жағдай өте қауіпті, қазір онда әр түрлі радикалды топтар және секталар көп. Бұл радикалды топтар ислами құқықтарды дұрыс ұстанбағаннан кейін мемлекетіміздің Конституциясына да қарсы келуі әбден мүмкін, себебі біздің Конституциямыз да олардың ұстанымына сай келе бермейді. Мұны біз соңғы кездері болған Ақтөбе және Алматы оқиғаларынан көріп отырмыз.

Мұндай топтарды сарапшылар өзара «Ұйқыдағы топтар» деп айтады, себебі, олар нақты бір жоспары жоқ, белгілі бір ұйымның бөлшегі емес, өз бетімен құрылып, бұрын аса бір әрекеттерді жасамаған және белгілі бір радикалды идеологияның жақтаушысы. Бұл топтарға әлеуметтік желідегі шет елдің бейнероликтері мен фото суреттері әсер етуі мүмкін [6].

Мәселен, 2013-2016 жылдардың аралығында

ДАИШ тарапынан қазақстандық содырлардың қатысуымен 5 ресми видеосы таратылған. Одан басқа, Орталық Азия елдерінен Сирияға кетіп, соғысып жүргендердің әлеуметтік желілердегі көптеген аккаунттарын есептемегенде жүздеген түрлі әуесқой деңгейде түсірілген фото-видео материалдары жүр. Өкінішке қарай, радикалдар осындай роликтерді әсіресе «В контакте» әлеуметтік желісінде емін-еркін таратып отыр.

Ақтөбе оқиғасына қатысқан радикалдық топ ДАИШ немесе әл-Каиданың ешқандай мүшесі немесе бөлшегі емес. Бірақ та, олардың тосын әрекетке баруына интернеттегі жанама үндеу әсер етуі мүмкін. Мысалы, Ақтөбе оқиғасынан 2 апта бұрын бірқатар әлеуметтік желілерде ДАИШ тобының бір көсемдері теракті жасауға шақырған аудиоүндеуі таратылған болатын. Осы үндеуде бірнеше елдер аталған болатын, сондықтан, мұндай оқиғалар кез келген елде орын алуы ықтимал. Мәселен, Бангладеш, АҚШ, Франция елдерінде орын алған соңғы террорлық актілер осымен байланысты болуы мүмкін. Содан болар, мамыр айының соңында АҚШ Мемлекеттік департаменті өз азаматтарына Еуропа елдерінде жаздың үш айында орын алуы мүмкін терактілер туралы алдын ала хабарлаған болатын. Бұл кездейсоқ ескерту емес.

Біріккен Ұлттар Ұйымының соңғы мәліметтері бойынша, әрбір мұсылман үшін қасиетті болып есептелетін Рамазан айы кезінде ДАИШ жақтастары әлемнің 16 түрлі елінде 393 террористік шабуыл ұйымдастырған екен. Бұған дейінгі терроризм қаупі жайындағы пікір-таластарда негізінен сырттан келетін қауіпке көп назар аударылды. Мысалы, көбіне-көп Ауғанстаннан келетін содырлар Орталық Азия аймағының белгілі бір бөлігіне еніп, жағдайды бұзуы мүмкін екені айтылып келді [7].

Сондай-ақ, терроризм мәселесі Сирия мен Ирак жеріне әртүрлі елдерден барып соғысып жатқан радикалдар бойынша бағамдалатын. Көптеген сарапшылардың айтуынша, ДАИШ құрамында соғысып жатқан азаматтар отанына оралған соң өз елдерінде терактілер ұйымдастыруы мүмкін болатын. Алайда, біз сырттан келетін террористік ұйымдардың шабуылына баса назар аударып, аймақтың ішіндегі «ұйқыдағы топтардан» келетін қауіп деңгейін болжай алмай қалдық.

Кез келген елде және кез келген қоғамда радикалдық идеяны ұстанған адамдар тобы болады. Олар өз ішінде әртүрлі жоспар құруы мүмкін. Аталған топтар халықаралық террорлық ұйымның мүшесі немесе филиалы

болмай-ақ, тіпті шетелдік ешқандай топтармен байланыспай-ақ өз еліне қауіп төндіре алады. Осындай адамдардан келетін қауіп – жүйеленген үлкен топтардан келетін қауіптен аспаса, кем емес. Өйткені, олардың іс-әрекетін алдын ала болжап білу оңай емес. Сол себепті, біз бұрыннан айтып келе жатқандай, сырттан келетін шабуылмен қатар ішкі радикалдық топтардан келетін қауіпті ескеруіміз керек. Біздің бұл сөзімізге соңғы уақыттары Франция, Германия, Бангладеш, АҚШ елдері бетпе-бет келген қанды қырғындар дәлел бола алады.

Ал біз әзірге кішкене радикалдық топтармен немесе бір адамның іс-әрекетіне бетпе-бет келіп отырмыз. Олар қоғамда болып жатқан белгілі бір жағдайдың әсерінен осындай белсенді іс-әрекетке барады. Сондықтан, Ақтөбе мен Алматыда орын алған жағдайлар арнайы жоспар-мақсатсыз орын алған радикалдық акция болып табылады.

Елімізде «Хизбут Тахрир», «Таблиги жамағат» сияқты радикалды ұйымдардың өкілдері көбейді. Олар насихаттап жүрген Конституциямызға қарсы уағыздар қазір қазақстандықтарға таңсық болудан қалды. Егер де жоғарыда аталған радикалды ұйымдар дәл осы қарқынмен тарала берсе, ол Қазақстан халқының ортақ мемлекеттік мәдениетке бірігуіне, демократиялық реформалардың халық санасында орнығуына әжептәуір кедергі болады. Сондықтан, Қазақстан халықтарының индустриалдық қоғам құрып, ортақ мемлекеттік мәдениетке бірігуі үшін ең алдымен бұған кедергі болатын діни фундаментализмнің табиғатын анықтап, теократиялық елдердегі ортодоксальді исламның ерекшеліктерін байыптауымыз ке-

рек. Өйткені, халқының көп бөлігі мұсылман болып саналатын отанымыздың ендігі тағдырына исламның әсері мол болатыны анық. Елімізде ислам дінін ұстанушылардың көбейе бастауы бұл діннің принциптеріне ерекше назар аударып, жан-жақты талқылау қажеттігі сөзсіз. Ислам дінінде саяси-қоғамдық, рухани өмірдің барлық саласы қамтылған. Солардың бірі діни сенім және діни төзімділік мәселесі. Ислами идеяларды өркениеттік тұрғыда қабылдап, оларды еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму жолында қолдана білсек, біздің қоғамдағы біраз мәселелер шешімін табар еді.

### Қорытынды

*Қазақстан Республикасының Ата Заңында діннің бостандығына толықтай кепілдік берілген. Алайда, бұл еліміздің аумағындағы өз қызметтерін жүргізіп жатқан діни бірлестіктер мен ағымдардың, түрлі секталардың уағызы мен ұстанған бағыты Ата Заңымыздағы көрсетілген талаптардың шегінен шығып, өзге адамдардың қалыпты өмір сүруіне зардабын тигізуі тиіс деген ұғымды білдірмейді. Бірақ діни экстремизм мен терроризмнің мәселелері осымен толық зерттеліп болды деуге де болмайды. Оның саяси-әлеуметтік негіздерін ғылыми зерттеу жағы басқа да мемлекеттермен қатар Қазақстан үшін де өзекті болғанымен, тіпті жеткіліксіз, яғни терроризммен күрес мәселелері әлі де басты проблемалардың бірі болып отыр. Сондықтан исламдық фанатизмге жол бермеу шараларын қарастыру қажет.*

Әдебиеттер

- 1 Назарбаев Н.Ә. Сындарлы он жыл. – Алматы: Атамұра, 2003. – 147 б.
- 2 Саяси түсіндірме сөздік. – Алматы, 2007. ISBN 9965-32-491-3
- 3 Ислам. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: “Аруна Ltd.” ЖШС, 2010 ISBN 9965-26-322-1
- 4 «Қазақстан-2030» стратегиясы: «Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы.
- 5 «Экстремистік әрекетке қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңы
- 6 Shibutov M., Abramov V. (2013) Terrorism in Kazakhstan – 2011-2012years, 2011-2012. Institute of Political Solutions
- 7 Namatov N. Religious extremism in Central Asia. – Southern Economic Journal, 2013 – 21-22 pp.

### References

- 1 Nazarbaev N.A. Sindarli on jil. – Almaty: Atamura, 2003 – 147 p.
- 2 Sayasi tusindirme sozdik. – Almaty, 2007. ISBN 9965-32-491-3
- 3 Islam. Enciklopediyalik aniktamalik. Almaty: “Aruna Ltd.” ЖШС, 2010 ISBN 9965-26-322-1
- 4 «Kazakhstan-2030» strategiyasi: «Kaliptaskan memlekettin jana sayasi bagiti» atti KR Prezidenti N.A. Nazarbaev Kazakhstan halkina joldayu
- 5 “Ekstremisttik areketke karsi is-kimyl turali” Kazakhstan Respublikasi Zani
- 6 Shibutov M., Abramov V. (2013) Terrorism in Kazakhstan – 2011-2012years, 2011-2012. Institute of Political Solutions
- 7 Namatov N. Religious extremism in Central Asia. – Southern Economic Journal, 2013 – 21-22pp.